

**«Эйр Астана» АҚ акционерлерінің
2017 жылғы 31 қазандағы кезектен тыс
жалпы жиналысының шешімімен
бекітілді (№141 хаттама)**

**«ЭЙР АСТАНА» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АЛМАТЫ, 2017

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ	3
3. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4
4. КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ	5
5. КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ	5
6. КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІ	5
7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің Қазынашылық комитеті туралы бұл Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамаларына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне және корпоративтік басқарудың ең үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес әзірленді.
- 1.2 Ереже Қоғамның Директорлар кеңесі Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі – **Комитет**) мәртебесі мен құзіретін, оның құқықтары мен міндеттерін, құрамын, қызметін, оның құрылу тәртібін, жұмысын және Қоғам органдарымен қарым-қатынасын анықтайды.
- 1.3 Комитет Қоғамның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдіктерді басқару тиімділігін арттыру мен қадағалауда Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында құрылады.
- 1.4 Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шектерінде және осы Ережеге сәйкес қызмет етеді.
- 1.5 Комитет Қоғам мүддесінде іс-әрекет етеді және оның жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесіне мыналар бойынша көмек көрсетуге бағытталады:
 - 1.5.1 Қоғамның қазынашылық қызметінің түрлерін бақылау тетіктерін тексеру, қазынашылық саласындағы саясаттары мен процедураларының тиімділігін қамтамасыз ету және оларды жетілдіру бойынша;
 - 1.5.2 Қазынашылық қызметінің түрлерінің мониторингін жүзеге асыру және олармен байланысты тәуекелдіктер мен мүмкіндіктер туралы Директорлар кеңесіне хабарлау бойынша;
 - 1.5.3 Осы Ереже талаптарына сәйкес және Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмалары бойынша қазынашылықпен байланысты басқа да мәселелер бойынша.
- 1.6 Комитеттің Қоғам Жарғысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызған мәселелер бойынша ұсынымдары Директорлар кеңесі бекіткен жағдайда акционерлердің жалпы жиналысына заңнама белгілеген тәртіпте қарастыруға және шешім қабылдауға бағытталады.

2. КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 2.1. Комитет Қоғамның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдіктерді басқару тиімділігін көтеру мен қадағалауда келесі сұрақтар бойынша ұсыным беру арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында құрылады:
 - 2.1.1 қандай да болмасын қарыздар алу және Қоғамның 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларынан (басқа валютадағы эквивалентті сомасын) астам сомаға несие алуына мүмкіндік беретін қандай да болмасын банк несиелерін мақұлдау;
 - 2.1.2 Қоғамның облигациялар мен бағалы қағаздардың шығарылымы туралы кез келген ұсыныстар;
 - 2.1.3 Қоғамның жалпы сомасы 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларынан (басқа валютадағы эквивалентті сомасын) астам активтеріне қатысты кепілдер, ипотека, кепілге ұстап қалулар, кепіл ауырпалықтарын немесе басқа да ауырпалықтар құру немесе өзгерту бойынша мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу;

- 2.1.4 Келісім шарттарына сәйкес Қоғам кредитор болып табылатын қарыз, несие туралы кез келген келісімдерін жасасу;
- 2.1.5 Сатулар мен жобаларды қаржыландыру, қаржы лизингі бойынша кез келген мәмілерін жасасу;
- 2.1.6 кез келген кепілдіктер немесе кепіл хаттар беру немесе қандай да бір тұлғаның немесе органның жалпы құны 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларынан (басқа валютадағы эквивалентті сомасын) астам қайсы бір келісім-шарты, уағдаластығы немесе міндеттемесі бойынша тиесілі ақшаларын төлеу немесе қандай да болмасын міндеттемелерін орындау жөніндегі қандай да болмасын міндеттемелерді жүктеу;
- 2.1.7 қайсы бір трастының немесе үшінші тұлғаның қандай да болмасын борыш міндеттемелерін, кепіл қағаздарын немесе бағалы қағаздарын (немесе олардағы қандай да болмасын үлестерді) иемдену немесе оларға жазылу;
- 2.1.8 Қоғам және оның банктары арасындағы сақтық қор аккредитивтері мен банк кепілдіктерін шығару туралы келісім жасасу және қор аккредитивтерін шығару;
- 2.1.9 контрагенттің несие тәуекелдіктерін, валюталық тәуекелдіктерін, қолма-қол ақшасын, шикізат бағасының өзгеру тәуекелдіктерін, пайыздық тәуекелдерін басқаруды тиетін саясаттар мен процедураларын қоса алғанда, Қоғамның қазынашылықты басқару саласындағы кез келген ішкі саясаттары және ережелері және қор аккредитивтерін шығару;
- 2.1.10 Президенттің немесе Президент уәкілеттік берген адамның банктар мен басқа да несие-қаржы ұйымдарында шоттар ашу туралы кез келген шешімдер;
- 2.1.11 Қоғамның қазынашылықпен байланысты қызметі және Директорлар кеңесімен бекітілетін осы қызметті реттеуге бағытталған кез келген құжаттар.

3. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Комитеттің әр мүшесі келесіге құқылы:
 - 3.1.1 Атқарушы органның мүшелерінен, Корпоративтік хатшыдан және Қоғамның басқа да қызметкерлерінен құжаттарды, есептеулерді, түсініктемелерді және басқа да ақпараттарды сұратуға. Қоғам Комитетті өз есебінен барлық қажетті материалдармен және ресурстармен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етуге міндетті;
 - 3.1.2 Директорлар кеңесін мүшелерін және Директорлар кеңесі Комитеттері мүшелерін, Атқарушы орган басшысын және өзге де тұлғаларды өздерінің мәжілістеріне шақыруға және
 - 3.1.3 белгіленген тәртіпте ағымдағы жылы Қоғамның бюджетінде қарастырылған қаражат шектерінде сыртқы сарапшылар мен кеңесшілердің қызметтерін пайдалануға.
- 3.2. Комитет міндетті:
 - 3.2.1. қазынашылықты бақылау мен тәуекелдіктерді басқару мәселелері бойынша:
 - а) қазынашылық саласындағы саясаттарды ұстануы туралы Қоғамның ай сайынғы есептерін талдау және
 - б) қазынашылықпен байланысты тәуекелдіктер мен мүмкіндіктерді және Қоғамның қазынашылықты басқару жөніндегі тиісті жоспарларын қарастыру үшін Қоғамның

басшыларымен кем дегенде жарты жылда бір рет ұдайы кездесулер өткізу.

3.2.2. қызмет есептілігі мәселелері бойынша:

- а) Директорлар кеңесі алдында өз қызметі туралы ұдайы, бірақ кем дегенде жылына бір рет есеп беру;
- б) Акционерлердің жылдық жиналысының алдында есеп берген кезде мәлімдеу үшін Комитеттің жұмыс нәтижелері туралы ақпарат әзірлеуді жүзеге асыру;
- в) Директорлар кеңесі алдында осы Ереженің 2.1.9 – тармағында белгіленген саясаттардың әр бұзуы туралы Комитет осы бұзуларды анықтағаннан кейін ақылға қонымды мерзімдерде есеп беру.

3.2.3. басқа мәселелер бойынша:

- а) Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Комитеттің құзіретіне жататын басқа да міндеттемелерді орындау.

4. КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ

- 4.1 Комитеттің құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның Төрағасын және мүшелерін (осы Ереженің 6.4 – тармағында белгіленген орнындағы мүшелерін) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді алдын-ала Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдап, кейіннен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.
- 4.2 Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшелерінен құралады, соның ішінде Тәуелсіз Директор болып табылатын Комитет Төрағасы және әрбір Акционермен тағайындаған бір-бір Директор кеңесінің мүшесі. Комитет мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады да, кейіннен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.
- 4.3 Комитет Комитеттің жұмысын ұйымдастыру мен оны ақпараттық қамсыздандыру қызметін жүзеге асыратын Хатшыны тағайындайды.

5. КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ

- 5.1 Комитет Төрағасы өзі басқаратын Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, жекелей алғанда:
 - 5.1.1 Комитет мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық етеді;
 - 5.1.2 Комитет мәжілісінің күн тәртібін, соның ішінде Комитет мәжілісінің талқылауына шығарылатын мәселелер мазмұнын бекітеді;
 - 5.1.3 Комитет мәжілістерінде мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сонымен қатар мәжіліске қатысуға шақырылған адамдардың пікірін тыңдайды;
 - 5.1.4 Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілістерінің жоспарын ескере отырып ағымдағы жылға арналған кезекті мәжілістердің жоспарын әзірлейді.

6. КОМИТЕТ МӘЖІЛІСТЕРІ

- 6.1 Комитет:
 - 6.1.1 ұдайы кезекті мәжілістерін кем дегенде тоқсанына бір рет және қажет болған жағдайда кезектен тыс мәжілістер өткізеді.
 - 6.1.2 мәжілістерде Комитет мүшелерінің тікелей қатынасуын қамтамасыз етуге ұмтылады және

- 6.1.3 Комитет Төрағасы бекітетін Комитетпен келесі жылға жыл сайын құрылатын жұмысының жоспарына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.
- 6.2 Комитет Хатшысы Комитет мәжілістерін дайындау мен өткізуді, мәжіліске материалдар жинау мен жүйелендіруді, Комитет мүшелері мен шақырылған адамдарға Комитет мәжілісінің өткізілуі туралы хабарландыруды уақтылы жіберуді, мәжілістердің күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды, мәжілістерді хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобаларын және ұсыныстарын дайындауды, сонымен қатар тиісті материалдардың барлығын одан әрі сақтауды қамтамасыз етеді. Комитет мәжілістерін өткізу туралы хабарлама отырысқа қатысатын адамдарға Комитет мәжілісінің жоспарланған күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізіледі. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі хабарлаудың 10 күндік мерзімі талабынан бас тартатыны туралы жазбаша хабарды тиісінше Комитет Төрағасына беру арқылы немесе отырысқа тиісті түрде жолданбаған хабарламаға қарсылық білдіруден өзгеше мақсатпен қатысу жолымен бас тартуға құқығы бар. Комитет Хатшысы Комитет мүшелерінің қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз етеді.
- 6.3 Егер Комитет мәжілісіне Комитеттің үш мүшесі қатысса, оның өткізілу кворумы бар деп есептеледі. Сонымен бірге Комитет мәжілісіне бейнеконференция, конференц-байланыс, сондай-ақ байланыстың басқа да құралдарын пайдалану жолымен қатысуға болады.
- 6.4 Комитет мүшелерінің бірі мәжілісте қатыса алмаған жағдайда, ол сол Акционерден Директорлар кеңесімен тағайындалған басқа директорды өзіні мәжілісте алмастыру үшін тағайындауға құқылы.
- 6.5 Комитет мәжілісін шақыру туралы шешімді, өткізілу күнін, уақыты мен орнын және күн тәртібінің мәселелерін, сонымен қатар мәжіліске шақырылған тұлғалардың тізімі туралы шешімді Комитеттің кезекті мәжілісін өткізу жоспарына сәйкес Комитет Төрағасы қабылдайды.
- 6.6 Комитеттің кезектен тыс мәжілісі:
- 6.6.1 оның Төрағасының бастамасымен,
- 6.6.2 Комитеттің кез-келген мүшесінің талаптары бойынша,
- 6.6.3 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Атқарушы органының жазбаша өтініші бойынша шақырылуы мүмкін.
- 6.7 Комитеттің шешімдері дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Комитеттің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.
- 6.8 Комитеттің үш мүшесі оң дауыс берген жағдайда Комитет шешімі қабылданады. Қабылданатын шешімдер бойынша ымыраға келмеген жағдайда Комитеттің әрбір мүшесінің ерекше пікірі Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылады.
- 6.9 Комитет мәжілістеріне оның шақыруымен мына адамдар, бірақ шектелмей, қатыса алады:
- 6.9.1 Қоғамның қазынашысы;
- 6.9.2 БАЕ Системс тобының қазынашысы немесе оның сенім білдірілеген тұлғасы;
- 6.9.3 «Самұрық-Қазына» АҚ Тәукеледерді Басқару және Ішкі Бақылау Департаментінің директоры немесе оның сенім білдірілеген тұлғасы;
- 6.9.4 Қоғамның бірінші басшысы/Президент және оның басқа да өкілдері, соның ішінде қаржы

жөніндегі вице-президент және/немесе бас бухгалтер;

- 6.10 Әрбір Комитет мәжілісінің нәтижелері бойынша мәжіліс өткізілген күннен бастап 5 (бес) күн ішінде Комитет Хатшысымен хаттама әзірленеді. Хаттамаға Комитеттің мүшелері мен Хатшысы екі түпнұсқаға қол қояды, олардың біреуі қол қойылғаннан кейін оған арналған материалдар мен ұсыныстар тіркеліп Қоғамның Директорлар кеңесіне жіберіледі. Комитет Хатшысы Комитет мәжілістерінің хаттамаларының сақталуын қамтамасыз етеді.
- 6.11 Комитет Директорлар кеңесіне ұсыныстар берген жағдайда, бұл ұсыныстар Директорлар кеңесінің келесі жоспарланған мәжілісі күніне дейін немесе 5 (бес) күн ішінде, бұл күндердің қайсысы кейінірек болатындығына байланысты, Директорлар кеңесіне ресімделіп жеткізіледі. Осы ұсыныстар мәжіліске қатысуға шақырылған сарапшылардың кеңесін бірдірілген жағдайда, сол кеңес ресімделіп Директорлар кеңесіне жіберілетін ұсынысқа бекітіледі.
- 6.12 Комитеттің әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін баяндай алады, ол Комитет мәжілісінің хаттамасымен бірге ұсынылады. Комитеттің жекелеген мүшелері мүдделігіне байланысты кейбір мәселелер бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай дерек Комитет мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Осы Ереже Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
- 7.2. Осы Ереже Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.
- 7.3. Егер Қазақстан Республикасы заңдарының өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына қайшы келсе, Ереженің бұл нормалары өз күшін жоғалтады.